ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
БҰҚАР ЖЫРАУ АУДАНЫ
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«АМАНГЕЛДІ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АМАНГЕЛЬДИНСКАЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
БУХАР-ЖЫРАУСКОГО РАЙОНА
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

03.09.2024ж. № 45

Қарақұдық ауылы село Каракудук

**«Амангелді ЖББМ» КММ**
**бойынша білім алушыларды**
**тамақтандыруды ұйымдастыру**
**туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсанындағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта Білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша Білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай -ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік,орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетің және білім алатын балаларды тамқтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысы білім басқармасының 2024 жылғы 26 тамыздағы №391 бұйрығына, «Бұқар жырау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 28.08.2024 жылғы № 1-1-2/70 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Амангелді ЖББМ» КММ-де 2024 жылғы 2 қыркүйектен бастап 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008

жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

2. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

3. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингінің және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін.

4. Балалардың тамақтандыру кезіндегі сапалы және қауіпсіз болуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р. Д. Балхашеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры Ж.Р.Даутов

Таныстым: Р.Д. Балхашева

Орындаған: Б.Н.Усенова
тел: 53-9-55